



АСТАНА

АҚШАМЫ

ШАРБОЛАТТАЙ ШАРМАНОВ



Студенттік жылдары Жезқазған қаласындағы академик Шарманов атындағы «Атамұра» кітап үйіне жиі бас сұғатынмын. Сонда: «Қаламгер болса, бір сірә, дәрігердің кітапқа қандай қатысы бар? Мұншама құрмет-қошамет көретіндей... Жарайды, осы жердің тумасы шығар, бірақ соншама аспандататындай руханиятқа нендей еңбек сіңірді?» деген сұрақтардың төңірегінде құр ойланып қойып, оның жауабын табуға тырыспайтынмын. Көзі тірі адамның аты белгілі бір нысанға берілуін алғаш көргенім де сол еді...

ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНАНЫҢ МАҚТАНЫШЫ

Шыны керек, бүгінге дейін атақты академиктің атқарған істеріне аса көңіл бөлмедім. Тек Алматыда өткен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем жайына арналған конференцияның 35 жылдығына орай осыдан екі жылдай бұрын елордада ұйымдастырылған баспасөз мәслихатына қатысып, Шармановтың ерен еңбегіне көз жеткіздім. Сол кезде Қазақ КСР денсаулық сақтау министрі қызметінде жүріп, әлемнің 140 елінің дәрігер мамандарының алып Одақтың басқа жерінде емес, тура Алатау баурайында бас қосуына мұрындық болды. Соның нәтижесінде әлемдік денсаулық сақтаудың «Ұлы Хартиясы» аталатын декларация қабылданды. Бұл тарихи құжат көптеген дамыған және дамушы елдердің медицина саласындағы алдағы даму бағытын айқындап берді. Отандық денсаулық сақтау ісінің де алға басуына алғышарт жасады.

Шарманов қазақы қонақжайлылық танытып, ДДҰ басшылығын өзінің шаңырағында қонақ қылғаны да бар. «Ұлы Хартия» жобасы түнгі сағат 2-де дайын болып, Кеңестік Қазақстанның денсаулық сақтау министрінің пәтерінде оқылып, қол қойылды. Сөйтіп әлемдік деңгейдегі үлкен іс қазақ жерінде ғана емес, қазақтың үйінде шешілді.

Ол уақытта Төрегелді Шарманов ердің жасына таяп қалған еді. Қазір сексен жастың белортасында тұр. Осыдан 5,5 жыл бұрын өзіне абырой әкелген Алматы қаласында академиктің 80 жасқа толуына арналған ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды. Сонда ҚР Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, қазіргі сенатор Нұрлан Оразалин мерейтой иесіне ұлттық медицинаның мақтанышы деген бағасын берді. Бұл – табылған сөз, лайықты баға.

ҰЛЫТАУДАН БАСТАЛҒАН ҰЛЫ ЖОЛ

«Елдің атын ер шығарады, ердің атын ел шығарады». Жаугершілік заманда үш жүз батырларының басын қосқан қасиетті Ұлытау жері бүгіндері Шарманов есімімен де асқак. Осы жерде кіндігі кесіліп, кірі жуылды. Туған ауылы болашақ академикті дәрігерлік жолға салды. Бала Төрегелдінің қарындасы өкпе дертіне шалдығып, сәбидің ғұмыры үзіледі. Бұл қайғылы оқиға санасына қатты әсер етіп, кейіпкеріміз дәрігер боламын деп шешеді. Сөйтіп, Қарағанды мемлекеттік медицина институтына түсіп, оны аяқтаған соң Ұлытау аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері болып қызмет етеді. «Қарапайым аудандық ауруханадан еңбек жолымды бастағанымды мақтаныш етемін. Сол жерден үлкен тәжірибе алып шықтым» дейді өзі бұл жөнінде.

Иә, туған ауылы қанатын қатайтып, орда бұзар отыз жасында ғылым кандидаты атандырады. Шарманов қырықтың қырқасына шықпай жатып, докторлықты қорғайды. Осының бәрінің артында қажырлы еңбек жатыр.

АТАҒЫНАН ҰЯЛАТЫН АКАДЕМИК

Академик атағын да оңай алмағанын сеземіз. Былтыр жарық көрген «Қазақстан ғалымдары» атты энциклопедиялық жинаққа сенсек, Шарманов 500-ге жуық ғылыми еңбектің, соның ішінде 21 монографияның, 12 кітаптың және 40-тан астам өнертабыстың авторы атанған. Алайда, өз еңбегімен алған атаққа ұялатын академикті көріп пе едіңіздер? Көрмесеніздер мына сөзге назар салыңыздар: «Қазір көбінесе, «академик» деген атақты есіміме қосып айтуға ұялатын дәрежеге жеттім. Ғылымда жарты ғасырдан асатын уақыт бойы үздіксіз еңбек етіп, иеленіп келе жатқан абыройыма нұқсан келетіндей болып көрінеді» дейді Төрегелді Шарманов «Егемен Қазақстан» газетіне шыққан, кейіннен жеке кітап болып қатталған «Құндылықтар құлдырауы» атты мақаласында. Мақаладағы «Бұрын академик атағын иеленген тұлғалар ғылымда өз саласының дамуына қомақты үлес қосып, асқар таудай еңбек етіп

немесе ғылыми ерен жаңалық ашып, ілуде біреу ғана қол жеткізетіндей жағдайда болса, қазір азын-аулақ ғылыми еңбекпен-ақ «академик» атанып жүргендердің саны молайып отырғандығы таңғалдырады» деген жолдарды оқи келе, оның сырына қанығасыз.

ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ ҒАЛЫМ

Қазіргі жастарды ақылымен түзеп отыратын үлкен кісілер жоқ дейміз, ал Шармановтың мақаласын оқыған соң, міне, нағыз ақсақал деп ырза боласыз. Және бұл сөзді Қазақстан ғылым академиясының ғана емес, Ресей медицина академиясының академигі атанған адам, яғни, қос мемлекет мойындаған ғалым айтып отыр. Қос мемлекет деппіз-ау, Шармановты бүкіл әлем біледі деп айтсақ, артық кетіп қалмаспыз. Осыдан он жыл бұрын Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының атынан оған әлем медицинасына қосқан елеулі еңбегі үшін Леон Бернад атындағы медаль тапсырылды. Міне, кейіпкерімізге бұл медаль мен Алматы қаласының Құрметті азаматы атағынан асқан марапат жоқ. Жуырда академик газетіміздің редакциясында қонақта болғанда мұны өз аузынан естідік.

ТОЙДАН ТӘРБИЕЛІК МӘН ІЗДЕЙДІ

Айтпақшы, сол кездесуімізден кейін көп ұзамай академик 85 жасқа толды. Мерейтойын қайсібіреулер секілді дабыра қылмай, тыныш атап өтті. Әйтпесе, ел көлемінде шығатын барлық бұқаралық ақпарат құралдарында ол туралы жазылса, артық болмас еді. Аста-төк тойға құмар еместігі осыдан-ақ, білінеді. Жоғарыдағы мақаласында да: «Жуық арада қалыптасып үлгерген жаппай тойқұмарлық, астамшылық, ысырапшылдық әдетіміз қоғамдағы қайшылықтың айнасы тәрізді, бұл жағдайдың кім үшін пайдалы екендігі мүлде түсініксіз. Қаншама еңбектің жемісі зая кететіндігін ойлауға мұршамыз қалмаған, эстафета жарысында жүгірген спортшыларға ұқсаған сыңайлымыз. Озық білім, жоғары мәдениет, үлгілі еңбек тұрғысынан өзара бәсекелестікке түсу ойымызға келе бермейді, ал тойға келсек, бәсекеге бел шешіп түсетініміз неліктен?» деген сұрақты қояды.

Одан әрі қарай: «Тарихтан мерейтойларды тәрбиелік мәнді түрде атап өтудің мысалын келтіруге болады. 1937 жылы орыстың ұлы ақыны Пушкиннің 100 жылдық мерейтойы қарсаңында ақын шығармаларының жинағы орасан таралыммен шығарылып, қияметі мол сол жылдары халыққа тірек болғандығы баршаға аян. Біздің де халқымыздың бас иетін дана тұлғалары, ойшыл-ақындары Абайдың, Жамбылдың мерейінің құрметіне арнап мыңдап киіз үй тігіп, ат шаптырып, бәйгеге бағалы сыйлық тігіп, той-думан өткізудің орнына шығармаларының жинағын мол таралыммен халық арасында таратып, әр отбасында дәріптеу шараларын ұйымдастырсақ, халқымыздың мәдениеті мен ой-өресін көтеруді арман еткен осы әзіз тұлғалардың үндеуі

өскелең ұрпақтың көңіліне жетіп, көпшілікке бір мезгіл терең ой түсіп, ұлттық санаға үлес қосатын келешекті іс болар еді» деп, жөн сөзді айтады.

СЫН САДАҒЫ ҚОЛЫНДА

Ал, денсаулық сақтау саласына келгенде айтары, тіпті, көп. Осы салада орын алып отырған келеңсіздіктерді аямай сынайды. Турашыл мінезі үшін кеңес заманында қуғын көріп, бірнеше жыл Мәскеуді паналағаны да бар. Тиісті министрліктің көрсеткіштерді бұрмалап көрсетуіне жаны қас. Шарманов ондайда баспасөз арқылы сын садағын бағыттап жібереді. Ана бір жылдары «Медиаинформ» ЖШС ана мен бала өлімін және кейбір аурулар көрсеткішін кемітіп көрсеткеніне күйініп, Денсаулық сақтау министрлігіне хат жазған. Шынымен, оның көрсеткен мәліметтеріне қарасақ, аталған серіктестік ұсынған көрсеткіштер мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының көрсеткіштерінде едәуір алшақтық байқалған. Осы тұрғыдан алғанда, Шарманов цехта кейбір бұйымды қайрап жіберетін шарық тәрізді. Академик 2016-2020 жылдарға арналған «Денсаулық» бағдарламасына да енуі тиіс өз ұсыныстарын жолдаған.

ТӘЖІРИБЕЛІ ТАҒАМТАНУШЫ

Әрине, жұрт қазір Шармановты Қазақ тағамтану академиясының президенті ретінде таниды. Бізді оның тағамтану саласына қалай келгендігі қызықтырған. Сөйтсек, оған бұл сала сонау 1962 жылдан таныс екен. Сол жылы ол Қаз КСР Денсаулық сақтау министрлігінің өлкелік ауытқушылықты ғылыми зерттеу институтының тағамтану бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалған. Бұдан кейін де осы салаға қатысы бар бірнеше қызмет атқарған. Ал жоғарыдағы академияның іргетасын өзі қалады. Бүгіндері ол ұлттық сусынымыз – қымызды насихаттап, оның пайдасы туралы егжей-тегжейлі айтып жүр. Қазақ тағамтану академиясы бие сүтінің негізінде қантсыз балмұздақ, шоколад т.б. жалпы саны 15 түрлі тағам шығарады. «ЭКСПО-2017» көрмесіне қарай мұндай тағамдар санын 20-ға жеткізу жоспарларында бар. Былтыр үшінші ғарышкеріміз Айдын Айымбетов аталған академия дайындаған «Дастархан» бағдарламасын сынақтан өткізді. Оның құрамына қазақтың ұлттық тағамдардан жасалған ас мәзірі кіреді. Бұл – болашақта аталған ас мәзірі ғарышқа аттанатын барлық адамның рационына кіруі мүмкін деген сөз. Яғни, экспортқа жол ашады. Осы жайт баршамызды қуантады.

P.S. Халқымызда «адам дүниеге келгенде оған қойылатын есім өмір жолына әсер етеді» деген ұғым бар. Шармановқа қарап, осы ұғымды түсіне бастайсың. Иә, оған Төрегелді есімі тауып қойылған. «Төре» сөзі нені білдіретінін есті оқырманға түсіндіріп отыру артық. Ендеше, аты да, заты да текті азаматты Құдай қуаттан айырмасын!

Аманғали ҚАЛЖАНОВ